

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік үйымдардың мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 қарашадағы 35 сессиясының № 35/370 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 желтоқсанда № 2869 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 60/653 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 12.03.2020 № 60/653 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 08 шілдедегі "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Зандарына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сактау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік үйымдарының мамандарына отын сатып алуға жергілікті бюджет қаражаты есебінен 4,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 27.11.2019 № 55/586 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Г. Баҳраева

Абай аудандық

мәслихатының

хатшысы

Б. Цай

"КЕЛІСІЛДІ":

"Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы
З. Шәкентаев
19.11.2014
"Абай ауданының экономика
және қаржы бөлімі" мемлекеттік
мекемесі басшысының
міндетін атқаруышы
Ж. Жиенбаева
19.11.2014

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК